


Құрметті қызметкерлер мен оқытушылар және студенттер!

Біз ұялы құрылғыларды күн сайын және сағат сайын пайдаланамыз, сол себепті тағы да ұялы құрылғыларды дезинфекциялау туралы еске салғанымыз жөн!



Қолдан шығармайтын ұялы телефон (әр түрлі жерлерде) бактериялар мен вирустардың басты көздерінің бірі болуы мүмкін.

Бұл неге бұлай? Бірнеше негізгі себептеріне назарға алыңыз:

- ұялы телефон жиі қолдан қолға беріледі, және телефон иесі оны тек жуылған қолмен алып қана қоймай, біз оларды базарларда, сауда орталықтарында, автобустарда және басқа да орындарда пайдаланамыз;
- ұялы телефон сөйлескен кезде адамға жақын келеді;
- телефондар жиі тазаланбайды;
- көптеген адамдар ұялы телефондарды өзімен бірге дәретханаға алып кіреді.

Онда әр түрлі ауру қоздырғыштары болуы мүмкін.

Тұмау, басқа да вирусты респираторлық инфекциялар, атап айтқанда, COVID-19 коронавирустық инфекция қоздырғыштарын тасымалдаушы ретінде ұялы телефон аса маңызды рөл атқара алады.

Инфекциядан қалай құтылуға болады?

Бірінші: қол гигиенасын қатаң сақтау – қоғамдық орындар мен дәретханаға барғаннан кейін қолды 30 секунд бойы мұқият жуу, содан кейін оларды бір рет қолданылатын қағаз сүлгімен құрғату. Өзімен бірге антисептикалық салфеткалар немесе сұйық заттар (гелдер, спрей және т.б.) болуы міндетті. Осылайша, әрқашан қолдың тазалығын жууға мүмкіндік болмаған жағдайда да сақтауға болады.

Екіншісі: телефонның өзі антисептикалық құралдармен, әсіресе гаджеттің корпусы бет-әлпетімен жанасатын жерлерде үнемі тазалу. Егер қабы бар болса, оны тазалау кезінде шешу және бөлек алып тазалау қажет.

Тұмау және ЖРВИ вирустарымен (және коронавирустармен) күресу үшін спирт негізіндегі майлықтар мен антисептик гелдерін қолданған жөн.

Кешке, жұмыс күні аяқталғаннан кейін міндетті түрде телефонды әрбір қоғамдық орынға, қоғамдық көлікке және т.б. жерге барғаннан кейін тазалап отыру керек.